

II орын

### Менің жетістікке жету жолым!

Күз мезгілі болатын. Түс ауа әлеуметтік желіде отырғанмын, бір уақытта инстаграм желісінен “El umiti premiasy” атты байқауды көзім шалып қалды. Байқау туралы толық тыңдасам, үлкен мүмкіндіктерге жол ашатындығын байқадым. Сол мезетте бейнетаспаны жоспарлап, түсіретін адамды да бірден анықтадым. Сосын жұмысымды жүктеп, біраз уақыт бойы нәтижесін сарғая күттім. Бір күні сабақтан шыққаннан кейін ұялы телефоныма үңіле қалсам, іріктеу нәтижесі шығыпты. Бірден сілтемеге кіріп, өз атымды іздей бастадым. Бірінші шолып шыққанда атымды таба алмай, дал болдым. Кейін тағы да қарап шығуды жөн көрдім. Сөйтсем, 444-орында тұрғанымды байқамай қалыппын. Содан іріктеу кезеңінен өткендігімді көргенде төбем көкке бір елі жетпей қалды. Сол мезеттен бастап мен үшін 6 ай бойы өзімді дамытуға үлкен мотивация пайда болды. Осы уақытқа дейін El.umiti-нің бірнеше жобаларының қатысушысы болғандықтан, бұл жоба да маған көктемдегі салқын һәм таза ауадай жанымға жылу себе түсті.

Алғашқы айлары ешқандай сертификаттар жүктей алмай біраз қиналдым. Тіпті жоспар бойынша 12 сертификат пен әр бағыттан міндетті түрде 1 сертификат болуы шарт дегенді естігенде мүлдем қобалжыдым. Себебі мен 1 сертификат таппай жүргенде “7 бағыттан қалай 12 сертификат жүктеймін?” деп қапа болдым. Арада 1-2 ай жылжыды, ал менде тек шамамен 4-5 сертификат қана жүктелген, осыны көргенде төбемнен жай түскендей болды. Яғни “мен не тындырып жүрмін, неге өзіңді дамытуға барыңды салмасқа?” деп өзімді қамшыладым. Сол күннен, тіпті сол секундтан бастап әртүрлі байқауларды іздестіріп, спорт жайлы шағын ғана білімімді қолдану арқылы онлайн курстар мен сабақтардың арқасында наурыз айында біртөбе нәтиже көрсетіп тастағанымды өзім де байқамай қалыппын. Осының нәтижесі мені үздік оқушы атануға жетеледі. Сонымен, наурыз айының үздіктері арасында 2-орын иегері болып шыға келдім. Мен бұл жарысқа ең алғашқы жетістіктерімді жүктеп, рейтинг көрсетілетінін және ай сайын үздік оқушыларды анықтайтындығын білгенде “Қой, қайдағы үздік оқушы. Сен 12 сертификат жүктесең, соған да рақмет айт” деп айтқаным наурыз айында үздік атанғанда есіме бірден түсті. Сонымен қоса маған мынандай ой келді: адам тіпті ойламаған дүниелер орын алуы мүмкін. Тек шын ниетпен, бар ықыласыңмен, білек сыбана кіріссең болғаны. Атап айтқанда, мен “Birge Oqu” платформасындағы онлайн сабақтарға шын көңіліммен рақмет айтамын. Себебі барлығын екжеу-текжеулі, орнықты жеткізген. Мен осы сайттағы әр түрлі бағыттағы 22 курсты оқу арқылы ойлау көкжиегімді кеңейттім. Осы іспетті мен барлық сабақтарын өткен сайттар мен жобалар қаншама. Солардың баршасы да өте жоғары деңгейде жұмыс істейді деп айтсам болады. Сондықтан да, мен осы жарты жылдың ішінде тек жарыстарға қатысып қана қоймай, онлайн курстарға қатысып, әр саладан өзіме бір жаңа есік аштым.

Мен El\_umiti-мен бірге өткізген осы 6 айдың ішінде тек 7 бағытқа дамып қана қоймай Қазақстанның түкпір-түкпірінен өзіме дос таптым. “Білгенім бір 9, білмегенім тоқсан 9”, - демекші осы бір-бірін мүлде көрмеген, бірақ жанашыр ортадан көп дүниелерді үйрендім.

Алты айда 600 жақсы әдет қалыптастырып, болашағымды бағдарлауға “El umiti premiasy” үлкен үлесін қосты. Атап айтқанда көптеген Республикалық жарыстар ұйымдастырды, мотивация болатын көптеген әдістер ойлап тапты. Қолымнан келгенше жобаның ұйымдастырған бірде-бір байқауынан қалмауға тырыстым. Ол мен үшін, әрине үлкен тәжірибе болды.

Сонымен, 6 айды да осы жазба жұмысты да қорытындылайтын уақыт келгендей. Аталмыш алты айда айтарлықтай үлкен іс тындырмасам да өзіме пайдасы тиетін жетістіктерге жеттім деген ойдамын. Дегенмен де, “Адамдық борышың халқыңа қызмет қыл, Ақ жолдан айныма, ар сақта, соны біл” деген Шәкәрім атамның сөзін де естен шығармауға тырыстым. Ұлтқа қызмет ету жолында алғашқы баспалдықтарды бастым. Осы істеріме себепші болған “El umiti” жобасына алғысым шексіз. Қазақтың әрбір қазіргі және болашақ ұрпағы жарқ етпей жарқырауы керек!

Жазба жұмысының авторы: Коптлеуова Гульшат Доскеновна